

Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 15 қаңтардағы N 1128-XII Заңы. Күші жойылды - ҚР 2011.10.11 № 483-IV Заңымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР 2011.10.11 № 483-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

МАЗМҰНЫ

Ескерту. Мәтінде "тарау" деген сөздің алдындағы "I - V" деген цифрлар тиісінше "1 - 5" деген цифрлармен ауыстырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

1 тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Осы Заң Қазақстан Республикасының әрбір адамның наным бостандығы құқығын құрметтейтін демократиялық, зайырлы мемлекет болып табылатынын таниды, азаматтардың діни сеніміне қарамастан, тең құқылы болуына кепілдік береді, Қазақстан халықтарының рухани мұрасымен үйлесетін діндердің мәдени және тарихи құндылығын және конфессияаралық келісімнің маңыздылығын, діни төзімділікті және азаматтардың діни нанымдарын құрметтеуді таниды.

Ескерту. Кіріспемен толықтырылды - ҚР 2005.07.08 N 67-III Заңымен (Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз).

1-бап. Заңның міндеттері

Осы Заң Қазақстан Республикасының Конституциясында, сондай-ақ адам хұқықтары туралы халықаралық актілер мен келісімдерде баянды етілген азаматтардың діни сенім бостандығы жөніндегі хұқықтарын іске асыруға к е п і л д і к б е р е д і .

Дін ұстану және нанымды уағыздау бостандығының жүзеге асырылуы қоғамдық тәртіпті және басқа азаматтардың өмір сүру, денсаулық хауіпсіздігін, имандылығын немесе хұқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында ғана з а ң м е н ш е к т е л у і м ү м к і н .

Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

1-1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ғибадат үйі (ғимараты) - құдайға құлшылық етуге, дұға оқу мен діни

жиналыстарға, тәу етуге (мінәжат етуге) арналған объект;

2) миссионерлік қызмет - өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын діни бірлестіктердің жарғылық ережелерінде жоқ діни сенімді діни ағартушылық қызмет арқылы уағыздау және тарату;

3) діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі мемлекеттік орган.

Ескерту. 1-1-баппен толықтырылды - ҚР 2005.07.08 N 67-III Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз).

2-бап. Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы заңдар

Қазақстан Республикасының діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы заңдары осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады. Жергілікті өкімет пен басқару органдарының, ведомстволардың осы Заңға қайшы келетін нормативтік актілерді шығаруына жол берілмейді.

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленген болса, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

3-бап. Діни сенім бостандығы хұқығы

Қазақстан Республикасының, басқа мемлекеттердің азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар жеке өзі, сондай-ақ басқалармен бірге кез келген дінді еркін ұстануға немесе ешқайсысын ұстанбауға хұқылы, дінге деген, құдайға құлшылық жасауға, діни жоралар мен рәсімдерге, дінді оқып-үйренуге қатысуға немесе қатыспауға көзқарасты айқындау кезінде қандай да бір күштеп мәжбүр етуге жол берілмейді.

Қазақстан Республикасының азаматтары дінге көзқарасына қарамастан экономикалық, саяси, әлеуметтік және мәдени өмірдің барлық салаларында заң алдында бірдей жауапты. Азаматтардың дінге көзқарасына қарай олардың хұқықтарын тікелей немесе жанамалап шектеу немесе қандай да бір артықшылықтар белгілеу, немесе соған байланысты өшпенділік пен жеккөрушілік туғызу, не азаматтардың сезімдерін жәбірлеу, сондай-ақ қайсы бір дінді ұстанушылар қадір тұтатын заттарды, құрылыстар мен орындарды қорлау Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікке әкеліп соғады.

Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, ешкімнің де өз діни сенімдерін себеп етіп азаматтық міндеттерін атқарудан бас тартуға қақысы жоқ.

Діни наным себебімен атқарылуға тиіс бір міндетті екіншісімен алмастыруға тек қана Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жол беріледі.

4-бап. Мемлекет және діни бірлестіктер

Діни бірлестіктер мемлекеттен бөлінген. Барлық діндер мен діни бірлестіктер заң алдында бірдей. Ешбір дін немесе діни бірлестіктер басқаларға қарағанда ешқандай артықшылықтарды пайдаланбайды. Діни бірлестіктер қандай да болсын мемлекеттік қызметтер атқармайды, мемлекет те діни бірлестіктердің қызметіне, егер ол заңға қайшы келмесе, араласпайды. Мемлекет діни бірлестіктерді қаржыландырмайды.

Діни бірлестіктер мемлекеттік өкімет пен басқару органдарының сайлауына қатыспайды. Діни сипаттағы партияларды және өзге де саяси құрылымдарды құруға, сондай-ақ діни бірлестіктердің саяси партиялар қызметіне қатысуына немесе оларға қаржы жағынан қолдау жасауына жол берілмейді. Діни бірлестіктердің қызметшілері саяси өмірге барлық азаматтармен бірдей тек өз атынан ғана қатыса алады.

Діни бірлестіктер заң талаптарын және хұқық тәртібін сақтауға міндетті. Мемлекет дін ұстанатын және оны ұстанбайтын азаматтар арасында, сондай-ақ әртүрлі діни бірлестіктер арасында өзара төзімділік пен құрмет қатынастарын орнықтыруға жәрдемдеседі.

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тіркелмеген діни бірлестіктердің қызметіне жол берілмейді.

Мемлекетте бір діннің үстемдігін орнықтыруға, діни өшпенділікті немесе алауыздықты, соның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты діни өшпенділікті немесе алауыздықты қоздыруға бағытталған діни бірлестікті құруға және оның қызметіне тыйым салынады.

Діни экстремизмді насихаттауға, сондай-ақ конфессияаралық айырмашылықтарды саяси мақсаттарға пайдалануға бағытталған іс-әрекеттер жасауға тыйым салынады.

Мемлекет Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген негіздер бойынша дінтану сараптамасын жүргізуге құқылы.

Дінтану сараптамасы діни ұйымдар, қоғамдық бірлестіктер, мемлекеттік органдар өкілдерінің, дінтанушылардың, заңгерлердің және ар-ождан бостандығы құқығы саласындағы басқа да мамандардың қатысуымен жүргізіледі.

Дінтану сараптамасын жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Ескерту. 4-бапқа өзгерістер енгізілді - Қазақстан Республикасының

2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2005.02.23. N 33 Заңдарымен, 2005 жылғы 8 шілдедегі N 67-III Заңымен (Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз).

4-1-бап. Миссионерлік қызмет

Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар (бұдан әрі - миссионер) Қазақстан Республикасының аумағында миссионерлік қызметті уәкілетті органда есептік тіркеуден өткеннен кейін жүзеге асырады.

Миссионерлік қызметті есептік тіркеусіз жүзеге асыруға тыйым салынады.

Ескерту. 4-1-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі N 67-III Заңымен (Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз).

4-2-бап. Миссионерлік қызметті жүзеге асыратын адамдарды есептік тіркеу

Миссионерлік қызметпен айналысатын адамдарды есептік тіркеуді жергілікті атқарушы органдар жүргізеді.

Қазақстан Республикасының аумағындағы миссионерлер жергілікті атқарушы органдарда жыл сайын қайта тіркеуден өтуге міндетті.

Миссионерлер есептік тіркеу үшін жергілікті атқарушы органға мынадай құжаттар мен материалдарды ұсынады:

1) ұстанатын діні, миссионерлік қызмет аумағы мен мерзімі көрсетілген өтініш ;

2) миссионерлік қызметті жүзеге асыру құқығына діни бірлестік берген сенімхаттың немесе өзге де құжаттың көшірмесі;

3) тіркеу туралы куәліктің немесе миссионер оның атынан өкілдік ететін діни бірлестіктің өз елінің заңдарына сәйкес ресми тіркелгендігін куәландыратын өзге де құжаттың көшірмесі ;

4) Қазақстан Республикасында тіркелген діни бірлестіктің жіберген шақыруы ;

5) миссионерлік қызметке арналған әдебиет, діни мақсаттағы аудио-, бейне материалдар және (немесе) өзге де заттар. Есептік тіркелгеннен кейін діни мазмұндағы материалдарды қосымша пайдалану жергілікті атқарушы органдармен келісіледі.

Өтініш беруші көрсетілген құжаттарды ұсынған кезде белгіленген тәртіппен тіркелген төлқұжатын немесе жеке басын куәландыратын өзге де құжатты көрсетеді .

Миссионерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғаларды есептік тіркеуді құжат берілген күннен бастап жеті күннен аспайтын мерзімде жергілікті атқарушы орган жүргізеді .

Ескерту. 4-2-баппен толықтырылды - ҚР 2005.07.08 N 67-III Заңымен (Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз).

5-бап. Мектепті діни бірлестіктерден бөлу және мемлекеттік білім берудің рухани сипаты

Республикада білім беру мен тәрбиелеудің мемлекеттік жүйесі діни бірлестіктерден бөлінген және рухани сипатта болады.

Ата-аналар немесе олардың орнындағы адамдар балаларын өз нанымдарына сәйкес тәрбиелеуге қақылы, бірақ балаларды дінге баулуға мәжбүрлеу шараларына жол берілмейді. Баланы діни тәрбиелеу оның тәндік, психикалық саулығына және имандылық рухында дамуына залал келтірмеуге тиіс.

Күндізгі жоғары және орта діни оқу орындарында оқып жүрген азаматтар әскери қызметін өтеуді кейінге қалдыру, мемлекеттік оқу орындарының оқушылары үшін белгіленген тәртіппен оқу уақытын еңбек стажына енгізу жөніндегі хұқықтар мен жеңілдіктерді пайдаланады.

Ескерту. 5-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 1995.10.05 N 2488 Заң күші бар жарлығымен, 2005.07.08 N 67-III Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз).

6-бап. Алынып тасталды - ҚР 2005.07.08 N 67-III Заңымен (Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз).

6-1-бап. Уәкілетті органның құзыреті

У ә к і л е т т і о р г а н :

1) азаматтардың діни сенім бостандығы құқықтарын қамтамасыз ету және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын қалыптастыруға және іске асыруға қатысады;

2) Қазақстан Республикасының аумағында құрылған діни бірлестіктердің, миссионерлердің және заңды тұлға белгілері жоқ саны аз діни топтардың қызметіне зерделеу мен талдау жүргізеді;

3) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпараттық-насихаттау іс-шараларын жүзеге асырады;

4) азаматтардың діни сенім бостандығы құқықтарын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясат мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізеді;

5) азаматтардың діни сенім бостандығы құқықтарын қамтамасыз ету мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасының заңдарын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

6) діни бірлестіктермен қарым-қатынасты реттеу саласында облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының қызметін үйлестіреді;

7) діни ұйымдар, қоғамдық бірлестіктер, мемлекеттік органдар өкілдерінің,

дінтанушылардың, заңгерлердің және адамның ар-ождан бостандығы құқығы саласындағы басқа да мамандардың қатысуымен дінтану сараптамалары жүргізілуін қамтамасыз етеді;

8) діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы Қазақстан Республикасының заңдарын бұзушылыққа қатысты мәселелерді қарайды;

9) шет мемлекеттердің тиісті ұйымдарымен халықаралық байланыстар орнатады және оларды қолдайды;

10) Қазақстан Республикасының заңдарын бұзатын жеке және заңды тұлғалардың, соның ішінде діни бірлестіктердің қызметіне тыйым салу жөнінде құқық қорғау органдарына ұсыныстар жасайды;

11) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша ресми түсініктемелер береді;

12) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 6-1-баппен толықтырылды, өзгертулер енгізілді - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2005.07.08 N 67-III (Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

6-2-бап. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) діни бірлестіктермен қарым-қатынастарды реттеу саласындағы жергілікті атқарушы органдарының құзыреті

Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) діни бірлестіктермен қарым-қатынастарды реттеу саласындағы жергілікті атқарушы органдары:

1) өңірдегі діни жағдайға зерттеу және талдау жүргізеді;

2) миссионерлерді және заңды тұлға белгілері жоқ саны аз діни топтарды есептік тіркеуді және қайта тіркеуді жүргізеді;

3) уәкілетті органға азаматтардың діни сенім бостандығы құқығын қамтамасыз ету саласындағы Қазақстан Республикасының заңдарын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

4) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша өңірлік деңгейде ақпараттық-насихаттау іс-шараларын жүзеге асырады;

5) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 6-2-баппен толықтырылды, өзгертулер енгізілді - ҚР 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2005.07.08 N 67-III (Заңның

қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2 тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ДІНИ БІРЛЕСТІКТЕР

7-бап. Діни бірлестіктер

Жергілікті діни бірлестіктер (қауымдастықтар), діни басқармалар (орталықтар), сондай-ақ діни оқу орындары мен ғибадатханалар Қазақстан Республикасындағы діни бірлестіктер деп танылады.

Қазақстан Республикасындағы жергілікті діни бірлестіктер (қауымдастықтар) діни мүдделер мен қажеттерді бірлесіп қанағаттандыру мақсатында құрылған азаматтардың ерікті құрамалары болып табылады.

Діни басқармалар (орталықтар) өздерінің жарғыларына (ережелеріне) сәйкес өз жарғылары (ережелері) негізінде әрекет ететін діни оқу орындарын, ғибадатханалар мен өзге де діни бірлестіктерді құруға хұқылы.

Республика шегінен тысқары басшы орталықтары бар Қазақстан Республикасындағы діни бірлестіктер, егер бұл орайда Қазақстан Республикасының заңдары бұзылмайтын болса және олардың жарғыларын (ережелерін) Қазақстан Республикасының Юстиция министрлігі тіркесе, олардың жарғыларын (ережелерін) басшылыққа ала алады.

Ескерту. 7-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР Президентінің 1995.10.05 N 2489 Заң күші бар жарлығымен, 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2005.07.08 N 67-III Заңымен (Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз).

8-бап. Діни бірлестіктің жарғысы (ережесі)

Діни бірлестік өз қызметін жарғының (ереженің) негізінде жүзеге асырады, он да м ы н а л а р :

- діни бірлестіктің атауы, орналасқан жері және шегінде ол өз қызметін жүргізетін аумақ;
- ұстанатын діні, қызметінің мәні мен мақсаты;
- діни бірлестіктің құрылымы, қалыптасу тәртібі, оның басқару органдарының құзыры мен өкілеттігінің мерзімі;
- діни бірлестіктің құқықтары мен міндеттері;
- діни бірлестік мүлкінің құралу тәртібі;
- діни бірлестік жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізудің тәртібі;
- діни бірлестікті қайта ұйымдастыру мен тарату тәртібі болуға тиіс.

Діни бірлестіктің жарғысында Қазақстан Республикасының Конституциясы

мен қолданылып жүрген заңдарға қайшы келетін ережелер болмауға тиіс.

Ескерту. 8-бап жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 1995.10.05 N 2489 Заң күші бар жарлығымен.

9-бап. Діни бірлестіктерді тіркеу

Діни бірлестікті кемінде кәмелетке толған 10 азаматтың бастамашылығымен құрылады. Бұл үшін олар жиналыс шақырады, онда жарғы (ереже) қабылдайды.

Діни бірлестік мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап заңды тұлғаның құқықтық қабілетіне ие болады.

Республиканың екі немесе одан да көп облыстарының аумағында қимыл жасайтын діни басқармаларды (орталықтарды), бірлестіктерді, сондай-ақ олар құратын діни оқу орындарын, монастырьларды және басқа да бірлестіктерді мемлекеттік тіркеуді Қазақстан Республикасының әділет министрлігі, ал жергілікті діни бірлестіктерді тіркеуді аумақтық әділет органдары жүзеге асырады.

Мемлекеттік және есептік тіркеу, қайта тіркеу, тіркеуден бас тарту қолданылып жүрген заңдарда көзделген тәртіп пен мерзімде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік тіркеу мерзімі дінтану және өзге сараптама жүргізу, сондай-ақ діни бірлестік берген құжаттар бойынша маманның қорытындысын алу қажет болғанда тоқтатыла тұрады.

Ескерту. 9-бап жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 1995.10.05 N 2489 Заң күші бар жарлығымен.

10-бап. Алып тасталды - ҚР Президентінің 1995.10.05 N 2489 Заң күші бар жарлығымен.

10-1-бап. Діни бірлестіктің қызметін тоқтата тұру

1. Діни бірлестіктің қызметі:

1) Қазақстан Республикасының заңдарын бұзған;
2) діни бірлестіктің жарғысына (ережесіне) қайшы келетін іс-әрекеттерді жүзеге асырған жағдайларда соттың шешімімен үш айдан алты айға дейінгі мерзімге тоқтатыла тұруы мүмкін.

2. Діни бірлестіктің қызметі тоқтатыла тұрған кезеңде бұқаралық ақпарат құралдарында оның атынан сөйлеуге, жиналыстар, митингілер және өзге де жария сөз сөйлеуді ұйымдастыруға және өткізуге тыйым салынады, сондай-ақ еңбек шарттары, діни бірлестіктің қызметі салдарынан келтірілген залалдың орнын толтыру және айыппұлдар төлеу жөніндегі есеп айырысуларды қоспағанда, діни бірлестіктің банк шоттары бойынша шығыс операциялары тоқтатыла тұрады.

3. Егер діни бірлестіктің қызметі тоқтатыла тұрудың белгіленген мерзімі ішінде бұзушылықтар жойылатын болса, діни бірлестік өз қызметін қайта бастайды.

4. Діни бірлестіктің анықталған бұзушылықты жойғаны жөніндегі фактіні діни бірлестіктің қызметін тоқтата тұру туралы шешім шығарған сот белгілейді.

Ескерту. 10-1-баппен толықтырылды - ҚР 2005.07.08 N 67-III Заңымен (Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз).

11-бап. Діни бірлестікті қайта ұйымдастыру және тарату

1. Діни бірлестікті қайта ұйымдастыру (қосылу, бірігу, бөліну, бөлініп шығу, қайта құру) Қазақстан Республикасының заң актілерінде және діни бірлестіктің жарғысында (ережесінде) көзделген тәртіппен оның Қазақстан Республикасының аумағындағы жоғары басқару органының шешімі бойынша не сот шешімі б о й ы н ш а жү р г і з і л е д і .

2. Қайта ұйымдастырылғаннан кейін жаңадан құрылған діни бірлестікті тіркеу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге а с ы р ы л а д ы .

3. Д і н и б і р л е с т і к :

1) оның жоғары органының;

2) соттың шешімі бойынша таратылады.

4. Діни бірлестікті таратуды діни бірлестіктің жоғары басқару органы тағайындайтын тарату комиссиясы немесе Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген тәртіппен сот жүргізеді.

5. Соттың шешімі бойынша діни бірлестік:

1) осы Заңның талаптарын орындамаған;

2) діни бірлестіктің қызметін тоқтата тұру үшін негіз болған бұзушылықтарды сот белгілеген мерзімде жоймаған;

3) діни бірлестіктің жарғысына (ережесіне) қайшы келетін іс-әрекеттерді ү н е м і жү з е г е а с ы р ғ а н ;

4) Қазақстан Республикасының заң актілерінде тыйым салынған қызметті жүзеге асырған не Қазақстан Республикасының заңдарын бірнеше мәрте (кемінде екі р е т) немесе өрескел бұзған;

5) діни бірлестікті құру кезінде жол берілген, түзетуге келмейтін сипаттағы заңнаманы бұзушылықтарға байланысты оны мемлекеттік тіркеуді, жарамсыз деп таныған не діни бірлестікті мемлекеттік тіркеудің күші, жойылған ж а ғ д а й л а р д а ;

6) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген өзге де жағдайларда т а р а т ы л у ы м ү м к і н .

Ескерту. 11-бап жаңа редакцияда - ҚР 2005.07.08 N 67-III Заңымен (Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз).

3 тарау. ДІНИ БІРЛЕСТІКТЕР МЕН АЗАМАТТАРДЫҢ ДІНИ СЕНІМ БОСТАНДЫҒЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ХҰҚЫҚТАРЫ

12-бап. Діни жоралар мен рәсімдер

Діни бірлестіктер құдайға құлшылық етуге немесе діни жиналыстар өткізуге жұрт емін-еркін келе алатын орындар, сондай-ақ қайсыбір дінді ұстанушылар құрметтейтін орындар (қажылық және басқа орындар) ашып, оларды ұстауға х ұ қ ы л ы .

Құдайға құлшылық ету, діни жоралар мен рәсімдер соларға бөлінген территориядағы ғибадат үйлерінде, қажылық орындарында, діни бірлестіктер мекемелерінде, зираттар мен крематорийлерде, сондай-ақ азаматтардың пәтерлері мен үйлерінде бөгетсіз жүргізіледі.

Азаматтардың діни жоралар мен рәсімдер жасауға және әскери бөлімдерде, ауруханаларда, қартайғандар мен мүгедектер үйлерінде, алдын-ала қамау және жазаны өтеу орындарында оларға қатысуға қақысы бар. Әскери бөлімдер командованияесі және аталған мекемелер әкімшілігі азаматтардың діни сенім бостандығы хұқысын жүзеге асыруды қамтамасыз етуге және діни қызметшілерді шақыруға, құдайға құлшылық ету, діни жоралар мен рәсімдер өткізу уақытын, орнын және басқа да жағдайларды айқындауға жәрдем көрсетуге т и і с .

Басқа жағдайларда жұрт алдында құдайға құлшылық ету, діни жоралар мен рәсімдер өткізу жиналыстар, митингілер, демонстрациялар мен шерулер өткізу үшін белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

13-бап. Діни әдебиет және діни мақсаттағы заттар

Діни бірлестіктер мен азаматтар өздері қалаған діни әдебиетті, сондай-ақ діни мақсаттағы басқа да заттар мен материалдарды сатып алып, пайдалануға хұқылы.

Діни бірлестіктердің діни мақсаттағы заттарды, құдайға құлшылық ету әдебиетін және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды басып шығаруға, өндіруге, шетелге шығаруға, шетелден әкелуге және таратуға қақысы б а р .

Діни бірлестіктер құдайға құлшылық ету әдебиетін шығару және діни мақсаттағы заттар өндіру жөніндегі кәсіпорындар құруда айрықша хұқықты п а й д а л а н а д ы .

Басқа мекемелер мен ұйымдар мұндай қызметті тиісті діни бірлестіктердің, басқармалар мен орталықтардың келісімімен ғана жүзеге асыра алады.

Діни сипаттағы мерзімді басылымдарды және құдайға құлшылық ету мақсаты көзделмейтін өзге де діни әдебиетті шығару Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Діни бірлестіктер бұқаралық ақпарат құралдарын қоғамдық бірлестіктермен
бірдей пайдалануға хұқылы.

Діни бірлестіктер шығарған діни әдебиетте және діни мазмұндағы басқа да
баспа материалдарында оның толық ресми атауы болуға тиіс.

**Ескерту. 13-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1
қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен, 2005.07.08 N 67-III Заңымен (Заңның
қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз).**

14-бап. Қайырымдылық және мәдени-ағарту қызметі

Діни бірлестіктердің жанынан қайырымдылық жасау, діни әдебиетті және
өзге де мәдени-ағартушылық қызметті зерделеп, тарату үшін азаматтар
қоғамдары, бауырластықтары, басқа да бірлестіктері құрылуы мүмкін. Олар өз
жарғыларына (ережелеріне) ие бола алады.

Діни бірлестіктер ерікті түрде ассоциацияларға (одақтарға) біріге алады.

Діни бірлестіктер қоғамдық қорлар арқылы да, сондай-ақ дербес те
қайырымдылық қызметін жүзеге асыруға және рақымшылық жасауға, сондай-ақ
қайырымдылық үйлерін (баспаналар, интернаттар, ауруханалар және басқаларын
) ашуға хұқылы.

**Ескерту. 14-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 1995.10.05 N 2488;
1995.10.05 N 2489 жарлықтарымен.**

15-бап. Дінге сенушілердің және діни бірлестіктердің халықаралық байланыстары мен қатынастары

Азаматтар мен діни бірлестіктер топтық немесе жеке негізде халықаралық
байланыстар мен жеке қатынастар орнатуға, оны сақтауға, соның ішінде
қажылық, жиналыстар мен басқа да діни шараларға қатысу үшін шетелге шығып
тұруға хұқылы.

Діни бірлестіктер діни оқу орындарында оқу үшін шетелге азаматтар жіберіп,
осы мақсатта шетел азаматтарын қабылдай алады.

4 тарау. ДІНИ БІРЛЕСТІКТЕРДІҢ МҮЛІК, ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ЖӨНІНДЕГІ ХҰҚЫЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫ

16-бап. Діни бірлестіктердің меншігі

Үйлер, мінәжат заттары, өндірістік, әлеуметтік және қайырымдылық
мақсаттағы объектілер, ақша және олардың қызметін қамтамасыз етуге қажетті
басқа да мүлік діни бірлестіктердің меншігі болып табылады.

Діни бірлестіктердің өз қаржысына сатып алған немесе жасаған,
азаматтардың, ұйымдардың қайыр-садақаға берген немесе мемлекет берген және
заңға қайшы келмейтін басқа да негіздер бойынша сатып алынған мүлікті
меншіктенуге қақысы бар.

Діни бірлестіктер меншігінде сондай-ақ шетелдердегі мүлік те болуы мүмкін. Діни бірлестіктер ерікті түрде қаржылай және басқадай қайыр-садақа сұрауға және оларды алуға хұқылы.

Діни бірлестіктердің меншік хұқысы заңмен қорғалады.

Ескерту. 16-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 1995.10.05 N 2488 Заң күші бар жарлығымен, ҚР 1997.07.11 N 154 Заңымен.

17-бап. Мемлекеттің, қоғамдық ұйымдар мен азаматтардың меншігі болып табылатын мүлікті пайдалану

Діни бірлестіктер өздеріне мемлекет, қоғамдық ұйымдар мен азаматтар шарттық негізде берген үйлерді, территорияны және мүлікті пайдаланады.

Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары ғибадат үйлері мен мемлекет меншігіндегі өзге де мүлікті діни бірлестіктердің меншігіне немесе тегін пайдалануға беруге хұқылы. Діни бірлестіктердің өздеріне айналасындағы территориясымен қоса ғибадат үйлері берілуіне артықшылық қақысы бар.

Тарих және мәдениет ескерткіштері болып табылатын объектілер мен заттарды діни бірлестіктерге беру және олардың мұны пайдалануы заңдарға сәйкес жүзеге асырылады. Діни бірлестіктердің аталған объектілерді ұстау тәртібі тиісті мемлекеттік органдармен келісіледі. Мемлекет тарихи-мәдени құндылығы бар ғибадат үйлерін қалпына келтіруге материалдық көмек көрсете алады.

Діни бірлестіктер жер иемдену мен пайдалануды заңдарда белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

Ескерту. 17-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

18-бап. Діни бірлестіктердің өндірістік және шаруашылық қызметі

Діни бірлестіктер заңдарға және өз жарғыларына (ережелеріне) сәйкес заңды ұйым хұқығы бар баспагерлік, полиграфиялық, өндірістік, қалпына келтіру-құрылыс, ауыл шаруашылық және басқа да кәсіпорындарды құруға хұқылы.

Ескерту. 18-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 1995.10.05 N 2488 Заң күші бар жарлығымен.

19-бап. Таратылған діни бірлестіктің мүлкіне иелік ету

Діни бірлестік таратылған ретте оның меншігінде болған мүлікке иелік ету оның жарғысына (ережесіне) және қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.

Діни бірлестік қызметі тоқтатылған жағдайда оның меншігінде болған

мүлікке иелік ету оның жарғысына (ережесіне) және қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.

Діни бірлестіктерге тиесілі мінәжаттық мақсаттағы мүлікке кредит берушілердің талаптары бойынша өтем салынбайды.

Хұқықтық мұрагерлер жоқ болған жағдайда мүлік мемлекет меншігіне к ө ш е д і .

Ескерту. 19-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 1995.10.05 N 2489 заң күші бар жарлығымен.

20-бап. Діни бірлестіктердегі, олардың кәсіпорындары мен мекемелеріндегі азаматтардың еңбек жөніндегі хұқықтық қатынастары

Діни бірлестіктер, олар құрған кәсіпорындар мен мекемелер жазбаша еңбек шартын міндетті түрде жасаса отырып, азаматтарды қызметкер ретінде жұмысқа қабылдауға хұқылы. Еңбекке ақы төлеу шарттары, тәртібі және мөлшері діни бірлестік пен азамат арасындағы келісім бойынша белгіленеді және жасалған еңбек шартында көрсетіледі.

Діни бірлестіктерде, олардың кәсіпорындары мен мекемелерінде еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін азаматтарға Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы, салық салу тәртібі мемлекеттік және қоғамдық кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың қызметкерлерімен тең дәрежеде қолданылады.

Ескерту. 20-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 1995.10.05 N 2488 Заң күші бар жарлығымен, ҚР 2007.05.15 N 253 Заңымен.

21-бап. Діни бірлестіктерде, олардың кәсіпорындары мен мекемелерінде жұмыс істейтін азаматтарды әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік сақтандыру

Діни бірлестіктерде, олардың кәсіпорындары мен мекемелерінде жұмыс істейтін азаматтар, бұған қоса діни қызметшілер мемлекеттік және қоғамдық кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың қызметкерлерімен тең дәрежеде әлеуметтік қамсыздандырылуға және әлеуметтік сақтандырылуға жатады.

Осы мақсатта діни бірлестіктер, олардың кәсіпорындары мен мекемелері мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру мен қамсыздандыру қорларына қоғамдық бірлестіктер кәсіпорындары үшін белгіленген тәртіп пен мөлшерде қаржы а у д а р ы п о т ы р а д ы .

Діни бірлестіктерде, олардың кәсіпорындары мен мекемелерінде жұмыс істейтін барлық қызметкерлерге заңдарға сәйкес жалпы негізде мемлекеттік зейнетақылар тағайындалып, төленеді. Бұл орайда діни бірлестіктердегі, олардың кәсіпорындары мен мекемелеріндегі жұмыс әлеуметтік сақтандыруды белгілеу және сақтық жарналарын іс жүзінде төлеу басталғанға дейін сақтық

жарналарының төленген-төленбегеніне қарамастан зейнетақы тағайындау үшін
жұмыс стажына есептеледі.

Ескерту. 21-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.05.15. N 253 Заңымен.

**5 тарау. ДНИ СЕНІМ БОСТАНДЫҒЫ ЖӘНЕ ДНИ БІРЛЕСТІКТЕР
ТУРАЛЫ
ЗАҢДАРДЫҢ САҚТАЛУЫН БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗҒАНДЫҚ
ҮШІН
ЖАУАПКЕРШІЛІК**

22-бап. Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы заңдардың сақталуын бақылау

Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы заңдардың сақталуын бақылауды Қазақстан Республикасының атқарушы өкімет органдары мен хұқық қорғау органдары заңдарда белгіленген өз құзыретіне сәйкес жүзеге асырады.

Ескерту. 22-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

23-бап. Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы заңдарды бұзғандық үшін жауапкершілік

Діни сенім бостандығы мен діни бірлестіктер туралы заңдардың бұзылуына кінәлі лауазымды адамдар мен азаматтар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікке тартылады.

24-бап. Алып тасталды - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

Қазақстан Республикасының
Президенті